

Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған шарт нысанын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 218 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 13 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4291. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.27. N 154 бұйрығымен. V074678

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.04.27. N 154 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінің 477-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған шарт нысанын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің атынан Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған шартқа қол қоюды Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің осындай өкілеттіктер беру туралы бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің лауазымды тұлғасы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (Д.М. Шәженова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 0 м а у с ы м д а ғ ы
N 2 1 8 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған шарт нысаны

_____ қаласы 200__ ж. " _____ "

Бұдан әрі "Қаржымині" деп аталатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1119 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің және " _____ " Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 200__ ж. " _____ " _____ N _____ бұйрығының

негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің атынан Қазынашылық комитетінің _____ бір тараптан, (лауазымының атауы)

бұдан әрі "Салымшы" деп аталатын, 200__ ж. "_____" бекітілген _____ ереженің негізінде әрекет ететін _____ (облысының, қаласының)

(бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның атауы)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар төмендегілер туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салымдарына (депозиттеріне) орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Салымшы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - ҚР Ұлттық банкі) салымдарына (депозиттеріне) орналастыру үшін жылдық ____ %-бен 200__ ж. "_____" _____ "_____" бастап "_____" қоса алғанда _____ күнтізбелік күн мерзіммен _____ теңге сомасында уақытша бос бюджет ақшасын (бұдан әрі - салым) қабылдайды, ал Қаржымині қабылдайды, бір жылда 360 күн есебінен есепке алудың қарапайым әдісі бойынша есептелген сыйақы (мүдде) сомасы _____ теңге _____ тиынды құрайды, қайтаруға жататын есептелген сыйақымен (мүддемен) сомасы _____ теңге _____ тиынды құрайды, мерзімінен бұрын талап еткен кезде сыйақы (мүдде) ставкасы жылдық _____ %-ды құрайды.

1.2. Қаржыминінің атынан Шартты орындауға байланысты барлық қажетті іс-шараларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (бұдан әрі - Қазынашылық) жүзеге асырады.

2. Уақытша бос бюджет ақшасын аудару тәртібі

2.1. Қаржымині қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - ҚБАЖ) Салымшыдан түскен салымның сомасын есепке алу үшін N _____ шотын ашады.

2.2. Салымшы уақытша бюджет ақшасын ҚР Ұлттықбанкінің салымына (депозиттеріне) орналастыру үшін беру ниеті болған кезде Қаржыминіне уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен расталған хабарлама (Шартқа 1-қосымша) жібереді.

2.3. Қаржымині хабарламаны алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей Салымшының мекен-жайына факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген Шарттарды (бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан) қол қою үшін жібереді.

2.4. Салымшы факсимильдік байланыс арқылы Қаржыминінен Шарттардың нұсқаларын алғаннан кейін оларға қол қояды, мөрмен бекітеді, содан кейін

факсимильдік байланыс арқылы Қаржыминінің мекен-жайына кері жібереді.

2.5. Салымшы қол қойылған Шарттың негізінде сол күні астана уақытымен 11 сағат 30 минуттан кешіктірмей Қазынашылық департаментіне Салымшының қолдарының және мөртабанының түпнұсқаларымен Тараптар қол қойған Шарттың факстік нұсқасын, сондай-ақ Қаржыминінің көрсетілген деректемелеріне ақшаны аударуға арналған ақы төлеуге шотты ұсынады.

Салымшы ұсынған Шарт Қазынашылық департаментінде қалады және ақшаны аудару үшін негіздердің бірі болып табылады.

2.6. Қаржымині қол қойылған және мөртабанмен бекітілген Шарттардың факстік нұсқаларын алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей Салымшы қол қою және мөртабанмен бекіту үшін 4 (төрт) дана қол қойылған және мөртабанмен бекітілген Шарттардың түпнұсқаларын почтамен жібереді.

2.7. Салымшы Қаржыминінен Шарттардың түпнұсқаларын алғаннан кейін оларға қол қояды, мөртабанмен бекітеді және мемлекеттік және орыс тілдерінде Шарттардың бір-бір данасын Қаржыминіне қайтарады.

2.8. Шартта белгіленген салымды орналастырудың ағымдағы мерзімі аяқталғанға дейін салым сомасын толық көлемде немесе ішінара мерзімінен бұрын талап еткен кезде салымшы Қаржыминіне салым және сыйақы (мүдде) сомасын есепке алу үшін қажет тиісті деректемелерді нақты көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілген ақшаны қайтару туралы талап етуді (Шартқа 2-қосымша) беруге міндетті.

2.9. Салымшы Шартта белгіленген салымды орналастырудың ағымдағы мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Қаржыминіне сыйақы (мүдде) сомасын есепке алу үшін қажетті деректемелерді көрсете отырып, жазбаша хабарлама (Шартқа 3-қосымша) ұсынады.

2.10. Қаржымині Салымшыдан хабарлама алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей Салымшы қол қою және мөрмен бекіту үшін 4 (төрт) дана қол қойылған және мөртабанмен бекітілген Шартқа 200__ ж. "___" _____N _____ қосымша келісімдердің түпнұсқаларын почтамен жібереді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3 . 1 . Қ а р ж ы м и н і :

3.1.1. Салымшыдан хабарлама алғаннан кейін келесі күннің астана уақытымен сағат 11-ден кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген Шартты қол қою үшін жіберуге.

3.1.2. Факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген Шарттарды жібергеннен кейін келесі күннен кешіктірмей почтамен 4 (төрт) данада Шарттың қол қойылған және мөртабанмен бекітілген түпнұсқаларын Салымшы қол қою және мөртабанмен бекіту үшін жіберуге.

3.1.3. Ақша N _____ шотқа түскеннен кейін келесі күннен кешіктірмей ҚР

Ұлттық Банкінің салымдарына (депозиттеріне) орналастыруға.

3.1.4. Салымның мерзімі аяқталғаннан кейін немесе Салымшының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілген ақшаны қайтару туралы жазбаша талап етуін (Шартқа 2-қосымша) алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мерзімінен бұрын талап еткен кезде салымды БСК 195301070N _____ ЖСК, бенефициардың СТН-і _____, ал ҚР Ұлттықбанкі есептеген сыйақыны (мүддені) ЖСК 000080900, БСК 195301070, бенефициардың атауы мен СТН-і, кіріс коды _____ қайтаруға міндеттенеді.

3 . 2 . С а л ы м ш ы :

3.2.1. ҚР Ұлттықбанкінің салымына (депозиттеріне) орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасын беру ниеті болған кезде астана уақытымен сағат 11-ден кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы Қаржыминіне уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген хабарламаны (Шартқа 1-қосымша) жіберуге .

3.2.2. Қаржыминінен Шарттарды алғаннан кейін астана уақытымен 11 сағат 30 минуттан кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген Шартты жіберуге.

3.2.3. Астана уақытымен 11 сағат 30 минутқа дейін _____ Қазынашылық департаментіне _____ (облыстың немесе қаланың) Салымшының қолының және мөртабанының түпнұсқасымен тараптар қол қойған Шарттың, сондай-ақ ҚР Ұлттықбанкінің салымдарына (депозиттеріне) орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған ақы төлеуге шоттың факстік нұсқасын беруге.

3.2.4. Қаржыминінен Шарттардың түпнұсқаларын алғаннан кейін оларға қол қоюға, мөртабанмен бекітуге және Шарттардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір-бір данасын Қаржыминіне қайтаруға.

3.2.5. Шартта белгіленген салымды орналастырудың ағымдағы мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Қаржыминіне салым және сыйақы (мүдде) сомасын есепке алу үшін қажетті тиісті деректемелерді нақты көрсете отырып, салым сомасын толық көлемде мерзімінен бұрын талап еткен немесе ішінара талап еткен кезде Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне берілген ақшаны қайтару туралы хабарлама (Шартқа 2-қосымша) ұсынуға міндеттенеді .

Қ а р ж ы м и н і :

3.3.1. Салымшы Шарттың 2.9-тармағына сәйкес шарттың әрекет ету мерзімін ұзартқан кезде ҚР Ұлттықбанкі ұсынатын ставкаға Салымшымен келісім бойынша сыйақының (мүдденің) бастапқы белгіленген ставкасын өзгертуге құқығы бар .

3.4.1. салымды беру мерзімін ұзартуға құқығы бар.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарт бойынша өз міндеттемелеріне жауапкершілікте болады.

4.2. Қаржымині есептелген сыйақыдан (мүддеден) салым қайтару мерзімін бұзған жағдайда, Қаржымині Салымшыға ҚР Ұлттықбанкінен нақты алынған айыппұл сомасын төлейді.

4.3. Қаржымині Салымшының өз міндеттемелерін уақтылы орындамауының салдарынан пайда болған зиянға жауапкершілікте болмайды.

4.4. Тараптар Қазақстан Республикасы заңнама және атқарушы органдары шешімдерінің салдарына жауапкершілікте болмайды, ол Тараптардың біріне немесе екеуіне Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігін болдырмайды.

4.5. Салымшы Шарттың 3.2.3-тармағында көрсетілген ақшаны аударуға төлеуге шотты беру мерзімін бұзған кезде Салымшы Қаржыминіне соманы уақтылы аудармағаны үшін әрбір мерзімі өткен аудару күнтізбелік күніне ҚР Ұлттықбанкі беретін айыппұл мөлшерінен төмен емес айыппұл төлейді.

5. Форс-мажор

5.1. Тараптар, егер орындамау күтпеген мән-жайлар, атап айтқанда: өрт, топансу, зілзала, індет, әскери іс-қимылдар, электр энергиясы мен телекоммуникациялық байланыстың уақытша болмауының және Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға тікелей әсер ететін Тараптардың еркіне бағынбайтын басқа мән-жайлардың салдары болып табылатын болса, Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тараптар, егер мұндай мән-жайлар болған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және байланыс болған кезде, оның әсерінен зардап шеккен Тарап болған жағдай туралы екінші Тараптың назарына жеткізсе, сондай-ақ өз тарапынан форс-мажорлық мән-жайлардың салдарын жылдам жою үшін барлық күш-жігерін жұмсаса, өздеріне алған міндеттемелерді орындаудан босатылады.

5.2. Форс-мажорлық мән-жайларға байланысты зиян шеккен Тарап тежеусіз күштің объектісі болған Тараптан болған оқиғаларға дәлелдер, сондай-ақ шеккен зиян көлемін есептеуге байланысты кез келген басқа құжаттаманы талап ете алады.

6. Шарттың қолданылу мерзімі, бұзу және өзгерту талабы

6.1. Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанға дейін әрекет етеді. Бұл ретте, Шарт облыстық (қалалық) Қазынашылық департаментінде тіркелуге жатпайды.

6.2. Шарт Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы

мүмкін. Барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды және Шарттың ажырамайтын бөлігі болып табылады.

6.3. Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапты Шартты бұзудың болжамдалған күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінде бұл туралы ескерте отырып және Шарт бойынша бұрын өзіне алынған міндеттемелерді орындай отырып, Шартты бұзуға құқығы бар.

7. Өзге талаптар

7.1. Тараптардың арасындағы Шарт бойынша пайда болған барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізбеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Шарт бірдей заң күші бар екеуі мемлекеттік, екеуі орыс тілдерінде төрт түпнұсқа данада жасалған.

7.3. Осы Шартпен реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7.4. Тараптардың біреуі немесе Тараптардың екеуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық мирасқорына көшеді.

7.5. Егер салым мерзімінің соңғы күні жұмыс күні емес күнге сәйкес келсе, салым есептелген сыйақымен (мүддемен) бірге келесі жұмыс күніне қайтарылады, бұл ретте, көрсетілген жұмыс күні емес күнге сыйақы (мүдде) есептелмейді.

8. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі,

010000, Астана қаласы

Жеңіс даңғылы, 11

Министрліктер

ДСК _____

БСК _____

СТН _____

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Қазынашылық комитетінде

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

атынан

индексі _____, _____ қаласы

_____ көшесі, N _____

үйі

ДСК _____

БСК _____

СТН _____

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Қазынашылық комитетінде

атынан

200_жылғы "___" _____

Шартқа 1-қосымша

Ш ы ғ ы с N _____

200_жылғы"___" _____

ХАБАРЛАМА

(бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның атауы)
Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 91-бабының 3-тармағына
сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 200_жылғы
"___" _____ бастап "___" _____ қоса алғанда "___" күн мерзімге

(цифрмен және жазбаша)

соманы беруге ниетті.

Б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і

ж е р г і л і к т і у ә к і л е т т і

органның уәкілетті тұлғасы _____

(қолы) Аты-жөні

М.О.

200_жылғы "___" _____

Шартқа 2-қосымша

Ш ы ғ ы с N _____

200_жылғы"___" _____

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне
берілген ақшаны қайтару туралы**

ТАЛАП

(бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның атауы)
200_жылғы "___" _____ Шарттың 2.8-тармағының негізінде

(цифрмен және жазбаша)

сомасында салымды 200_жылғы "___" _____ ішінара/толық
қайтаруды және оны ДСК _____, БСК _____, бенефициардың
атауы және СТН _____ аударуды өтінеді.

Талап етілген сомаға есептелген сыйақы (мүдде) сомасын ДСК000080900,
БСК 195301070, бенефициардың атауы және СТН _____, кіріс коды _____
_____ аударуды өтінеміз.

Б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і

ж е р г і л і к т і у ә к і л е т т і

органның уәкілетті тұлғасы _____
(қолы) Аты-жөні

М.О.

200_жылғы "___" _____

Шартқа 3-қосымша

Шығыс N _____

200_жылғы"___" _____

ХАБАРЛАМА

(бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның атауы)

_____ теңге сомасында салым мерзімінің аяқталуына байланысты (200_жылғы "___" _____ N_____ Шарт) жоғарыда көрсетілген Шарттың 2.9-тармағына сәйкес салым мерзімін 200_жылғы "___" _____ бастап "___" _____ қоса алғанда "___" күн мерзімге ұзартуды өтінеміз.

Банктік салымда ақшаның нақты болғанына есептелген сыйақы (мүдде) сомасын ДСК 000080900, БСК 195301070, бенефициардың атауы және СТН _____, кіріс коды _____ аударуды өтінеміз.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның уәкілетті тұлғасы _____
(қолы) Аты-жөні

М.О.